

**Ақтөбе қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2023 жылғы 20 маусымдағы № 31 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 маусымда № 8368 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24212 болып тіркелген) бұйрығына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ақтөбе қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Ақтөбе қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Ақтөбе қалалық мәслихатының 2020 жылғы 25 тамыздағы № 578 "Ақтөбе қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7372 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе қалалық  
мәслихатының төрағасы*

*А. Даржанова*

Ақтөбе қалалық мәслихатының  
2023 жылғы 20 маусымдағы  
№ 31 шешіміне 1 қосымша

## Ақтөбе қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық норма, м <sup>3</sup>
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	2,010
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,170
2.	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	2,512
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	2,157
4.	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	1,679
5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,461
6.	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,546
7.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,326
8.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,110
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	2,263
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,144
11.	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,209
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,165
13.	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,112
14.	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,806
15.	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м <sup>2</sup>	0,639

16.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,261
17.	Өнеркәсіптік, азық-түлік, тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,173
18.	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,461
19.	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,673
20.	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,390
21.	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,732
22.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	4,88
23.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,765
24.	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,153
25.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,542
26.	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесы	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,136
27.	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,074
28.	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,066
29.	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,118
30.	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,267
31.	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	1,910

Ақтөбе қалалық мәслихатының  
2023 жылғы 20 маусымдағы  
№ 31 шешіміне 2 қосымша

**Ақтөбе қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

№	Атауы	Есептеу бірлігі	Қызмет құны, теңге
1	Жайлы үйлер	тұрғын/айына	417
2	Жайлы емес үйлер	тұрғын/айына	450
3	Жылдық тариф бірлігіне (көлем)	1 м <sup>3</sup>	2489,14

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ